GUMILYOV JOURNAL OF HISTORY
ISSN: 3080-129X.
DOMESTIC HISTORY – ОТАН ТАРИХЫ – ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ИСТОРИЯ

Научная статья / Research Article
МҒТАР / IRSTI 03.20.00

https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-150-1-128-151

Семей округіндегі шаруалардың ауылды күштеп модернизациялау кезеңдегі қарсылығы (1929-1931 жж.)

Қ. Байсарина[a], М. Карибаев[b], М. Турлыбаев[c]
[a,b,c]Шәкәрім университеті, Семей, Қазақстан
[b]maksat.karibaev@bk.ru

Андатпа. Мақалада 1929-1931 жылдардағы ауылды күшпен жаңғырту кезеңіндегі шаруалар қарсылығының себептері, қозғаушы күштері және салдары талданады. Авторлар мақалада ауыл және село тұрғындарының қарсылығына алып келген саяси және әлеуметтік-экономикалық факторларды қарастырады. Олардың ішінде күшпен ұжымдастыру, бай мен кулактарды тәркілеу, жазықсыз халықты жазалау, кеңес билігінің қуғын-сүргін шаралары атап өтіледі. Сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйенің халыққа қарсы қолданылған саяси-әскери шаралардың салдарына ерекше назар аударылады, соның ішінде жаппай көтерілістер, әлеуметтік дағдарыстың ушығуы, қазақ халқының дәстүрлі шаруашылықтарының күйреуі қарастырылады.
Мақалада ауыл шаруашылығы саласында жүргізілген реформалардың сипаты мен асыра сілтеулері зерттеледі. Олардың қатарында көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруашылықтарын отырықшыландыру науқаны, ет пен астық дайындау науқандары, шамадан тыс салынған салық үшін жазалау шаралары және ауқатты шаруаларды тәркілеу саясатының салдарлары жан-жақты қарастырылған. 1920 жылдардың соңындағы елімізде күшпен жүргізілген модернизациялау қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымын күйретіп, ауыл және село тұрғындарының ашық қарсылығына, яғни баскөтерулер мен қарулы көтерілістердің басталуына себеп болды. 1931 жылы Семей облысының бірнеше ауылдары мен аудандарында шаруалардың кеңес билігінің экономикалық реформаларына жаппай наразылығы ірі көтерілістерге ұласып, қарулы қақтығыстарға әкелді. Алайда кеңес билігі халықтың пікірін елемей, аймақтардағы шаруалардың наразылығын контрреволюциялық ұйымдардың әрекеті деп танып, оны аяусыз басып-жаншыды.
Шыңғыстау, Абралы, Өскемен, Зырян және басқада аудандарда орын алған көтерілістер мысалында қарулы қарсылықтың түрлері, көтеріліске қатысушылары мен олардың тактикалық әдістері, мемлекеттік құрылымдарға қарсы іс-әрекет ету жолдары, сонымен қатар халық қарсылығының сол кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер аясындағы орны қарастырылады. Мақалада кеңес билігінің халық наразылығына қарсы жазалау шаралары мен көтерілістерді басып-жаншу салдары талданады. Зерттеу нәтижесінде шаруалардың қарсылығы көшпелі және жартылай көшпелі қазақ халқының дәстүрлі өмір салтын бұзған өзгерістеріне қарсылығы табиғи қажеттілігенен туындады деген қорытынды жасалады.
Аталған зерттеу жұмысының дерек көзі мемлекеттік архив қорларынан алынған тарихи құжаттарға негізделген. Олардың қатарында Қазақстан Республикасы

© Baisarina K., Karibayev M., Turlybayev M., 2025

Президентінің архиві, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві және Абай облысының мемлекеттік архиві, Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік архивтері бар. Сонымен қатар, саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия жариялаған құжаттық материалдар да осы мақалада пайдаланылды.
Түйін сөздер: Кеңестік саясат; Семей округы; Абыралы; Шыңғыстау; Өскемен; Зырян; қуғын-сүргін; шарулар көтерілістері; тәркілеу

Сілтеме жасау үшін: Байсарина К., Карибаев М., Турлыбаев М. Семей округіндегі шаруалардың ауылды күштеп модернизациялау кезеңдегі қарсылығы (1929–1931 жж.). *Gumilyov Journal of History.* Т.150, no.1, с.128-151. *https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-150-1-128-151*

Қаржыландыру көзі: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің AP23485479 «Семей округіндегі қарулы бас көтерулер құжаттарда: қатысушылардың тарихы және тағдыры (1929-1931 ж.ж.)» гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған.

The Resistance of the sharuas in the Semipalatinsk region during the period of forced modernization of aul (1929–1931)

K. Baisarina[a], M. Karibayev[b], M. Turlybayev[c]
[a,b,c]Shakarim University, Semey, Kazakhstan

Abstract: The article analyzes the causes, driving forces, and consequences of peasant resistance during the forced modernization of the village in 1929-1931. The authors examine the political and socio-economic factors that led to the resistance of peasants, including forced collectivization, dekulakization, and the repressive measures of the Soviet authorities. The article explores the nature and excesses of agrarian policies, including the campaigns for the settlement of nomadic and semi-nomadic Kazakh households, meat and grain procurement campaigns, and the policy of eliminating wealthy farms. It is noted that the forced modernization of the late 1920s led to the destruction of traditional Kazakh society and provoked open discontent among peasants in the form of armed uprisings. However, the Soviet authorities, ignoring the people's grievances, viewed the protests of workers in rural centers and villages as actions of counter-revolutionary organizations and brutally suppressed them.

Using the examples of the Shyngystau, Tolstoukhov, Abraly, and other uprisings in Eastern Kazakhstan, the article examines the forms of armed resistance, key participants, and tactics of opposing state structures, as well as the significance of popular resistance in the context of the socio-economic transformations of that period. Special attention is given to the authorities' response, the use of punitive measures, and the consequences of suppressing the uprisings. The study concludes that peasant resistance was a reaction to radical transformations that disrupted the traditional way of life of the nomadic and semi-nomadic population.

The research is based on archival sources stored in Kazakhstan's state archives, including the State Archive of the Abai Region, the State Archive of the East Kazakhstan Region, the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, and the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. Additionally, the article utilizes published documentary materials from the State Commission for the Full Rehabilitation of Victims of Political Repressions.

Keywords. Soviet policy; Semipalatinsk district; Abyraly; Shyngystau; Ust-Kamenogorsk; Zyryanovsk; repressions; peasant uprisings; confiscation

For citation: Baisarina K., Karibayev M., Turlybayev M. The Resistance of the sharuas in the Semipalatinsk region during the period of forced modernization of aul (1929–1931). *Gumilyov Journal of History.* 2025. Vol.150, no.1, pp.128-151. *https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-150-1-128-151*

Сопротивление шаруа в Семипалатинском округе в период силовой модернизации аула (1929–1931 гг.)

К. Байсарина[a], М. Карибаев[b], М. Турлыбаев[c]
[a,b,c]Университет имени Шакарима, Семей, Казахстан

Анотация. В статье анализируются причины, движущие силы, последствия крестьянского сопротивления в период силовой модернизации аула (1929-1931 гг.). Крестьянские вооруженные выступления в Казахстане конца 1920 – начала 1930 годов стали проявлением сопротивления народа силовой модернизации аула и деревни. Авторы выявляют политические и социально-экономические факторы, обусловившие сопротивление шаруа и крестьян, коим отнсятся насильственная коллективизация, раскулачивание и репрессивные меры советской власти. Особое внимание уделяется последствиям этих процессов, таким как массовые восстания, бегство населения, обострение социального кризиса и разрушение традиционного уклада жизни казахских кочевых и полукочевых хозяйств.

На материалах архивных фондов показаны характер и перегибы в аграрной сфере, включая кампании по оседанию кочевых и полукочевых казахских хозяйств, по заготовке мяса и хлебозаготовительные кампании, наказания за неуплату налогов, а также политика ликвидации байских хозяйств. Отмечается, что силовая модернизация конца 1920-х гг. сопровождалась разрушением традиционного казахского общества, вызывала открытое недовольство шаруа и крестьян в виде вооруженных выступлений и повстанческих движений. В 1931 году массовый протест крестьян против экономических реформ советской власти в ряде сел и районов Семипалатинской области перерос в крупные восстания, приведя к вооруженным конфликтам. Однако советская власть, игнорируя мнение народа, расценивала протесты трудящихся в райцентрах и аулах как действия контрреволюционных организаций, безжалостно их подавляя. На примере Шынгыстауского, Толстоуховского, Абралинского и ряда других восстаний на территории Восточного Казахстана рассматриваются формы вооруженного сопротивления, его география, основные участники и тактика противодействия государственным структурам, значение народного сопротивления в контексте социально-экономических трансформаций того периода. Особое внимание уделяется реакции властей, применению карательных мер и последствиям подавления восстаний. В результате исследования сделан вывод о том, что сопротивление шаруа являлось реакцией на радикальные преобразования, нарушившие традиционный уклад жизни кочевого и полукочевого населения.

Авторское исследование опирается на архивные источники, отложившиеся в государственных архивах Казахстана: Государственном архиве области Абай, Государственном архиве Восточно-Казахстанской области, Архиве Президента Республики Казахстан и Центральном

государственном архиве Республики Казахстан. Кроме того, в статье использованы опубликованные документальные материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий.
Ключевые слова: советская политика; Семипалатинский округ; Абыралы; Шынгыстау; Усть-Каменогорск; Зыряновск; репрессия; крестьянские восстания; конфискация

Кіріспе

Қазақстан егемен ел ретінде тәуелсіз өркениетті даму жолы еліміздің өткен тарихын жаңаша зерделеуге мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта қазақ халқы ұлттық жаңғыруға бағыт ұстап, әлемдік өркениет аясында даму сатысына қадам басқанда өткен тарихымызды саралап, қазақ халқының тарихи және мәдени дамуында терең із қалдырған тарихи оқиғаларды жаң-жақты зерттеуге мүмкіндік берді. 1920-1930 жылдар аралығында Кеңес үкіметі тарапынан жүзеге асырылған аграрлық реформалар Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық құрылымына терең әрі түбегейлі өзгерістер енгізді. Осы тұрғыдан келгенде XX ғасырда Қазақстанда жүргізілген кеңестік аграрлық саясат тарихын қайта саралап, талдау қажеттілігі айқындала түседі.

XX ғасырдың басындағы сталиндік тоталитарлық жүйенің күштеу әдіс-тері ұлттық дамудың ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан табиғи жолын күйретіп, жүргізілген саяси шаралар қарапайым халықты жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыратты. Бұл жағдай еліміздің барлық өңірлерінде кеңестік жүйеге қарсы халықтың қарсылық қозғалыстарына себеп болды. 1929-1931 жылдар аралығында республикада стихиялы түрде басталған халықтың наразылықтары, үлкенді-кішілі бас көтерулері кейін қарулы көтерілістерге ұласты.

Осы орайда, Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы» Жарлығына сәйкес арнаулы зерттеу комиссия құрылды. Комиссия мүшелері үш жылдың ішінде саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтауда үлкен жұмыстар жүргізді. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссия жұмысы ұлт тарихындағы аса қасіретті кезеңнің ақиқатын ашуға үлкен мүмкіндік берді.

XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы шаруалардың қарсылық қозғалыстары мен қарулы көтерілістері жалпы адамзаттық процесс, сондықтан қазақ ауылдарындағы шаруалар көтерілісінің ақиқатын анықтау бүгінгі күннің өзекті тақырыптарының бірі деп санаймыз. Сондықтан, еліміздің барлық аймақтарында қарсылық қозғалысына қатысқан ауыл тұрғандарының тарихына қатысты тарихи оқиғаларға және қарапайым халыққа қолданылған саяси шараларға бүгінгі кезең тұрғысынан баға бере отырып, тарихымызды қайта ой елегінен өткізу арқылы жан-жақты зерттеу негізгі мәселелер қатарында екені белгілі.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында деректердің тарихи шынайлығына баса назар аударылып, жүйелік және тарихи-салыстырмалы талдауға мән берілді. Зерттеу методологиясы жүйелілік,

объективтік, тарихи-салыстырмалық тәрізді ғылыми таным принциптеріне негізделген. Зерттеу барысында деректердің тарихи шынайлығына баса назар аударылып, жүйелік, тарихи-салыстырмалы және статистикалық әдіс-тәсілдер қолданылды. Ресми деректер қатарындағы партиялық органдар құжаттары сын көзбен, тәуелсіз мемлекет мүддесі тұрғысынан сарапталып, тарихи салыстыру әдісі негізінде талданды. Зерттеу барысында соңғы уақыттарда қалыптасып келе жатқан жаңа бағыттағы ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдары, жаңа тарихи көзқарас тұрғысынан жазылған еңбектер басшылыққа алынды.

Деректер негізінен мемлекеттік архив қорларынан және жарияланған құжаттар жинағынан алынды. Аталған кезеңге қатысты архив материалдары, статистикалық деректер, ресми есептер кеңінен пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының дерек көзі Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (әрі қарай ҚР ОМА), Қазақстан Республикасы Президентінің архиві (әрі қарай ҚР ПА) және Абай облысы мемлекеттік архиві (әрі қарай АОМА), Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік архиві (әрі қарай ШҚОМА), Шығыс Қазақстан облысының Облыстық тарихи-өлкетану музейі (әрі қарай ШҚОТӨМ) қорларындағы құжаттар болып табылады. Архив қорларынан алынған деректерге тарихи көзкарас тұрғысынан талдау жасалынды. Сонымен қатар Қазақстандағы 1929-1932 жылдардағы халықтың кеңестік билікке наразылығы мен көтерілістері туралы Мемлекеттік комиссияның архив қорларынан алынған тың деректері мен мәліметтер де үлкен қызығушылық тудырады. Мемлекеттік комиссияның халықтың большевиктерге қарсы көтерілістері мен қатысушылары туралы зерттеу қорытындылары алғаш рет ғылыми айналымға енгізілді. Атап айтқанда, Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1963 жылдың тамызы мен 1980 жылдың наурыз аралығын қамтитын зерттеулерін ерекше атап көрсеткен жөн, КГБ есеп бөлімінің қызметкерлері құрастырған шолу мәліметтері зерттеу жұмысына қажетті деректер береді. КГБ-ның архивіндегі халықтың наразылығы мен қарулы көтерілістерінің сипаты, көтерілісшілер қойған талаптар және сотталғандар мен жер аударылғандар жөніндегі мәліметтер мен құжаттар көтерілістің ақиқатын ашуға мүмкіндік береді (Народные восстания 2022: 536).

Нәтиже

Елімізде жүргізілген аграрлық қайта құрулардың бірі қазақ шаруаларын күштеп ұжымдастыру жылдарында асыра сілтеулер мен бұрмалаулар арқылы жүргізілді. 1928 жылдың Қазақ өлкесінде көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарды белгілеу жөніндегі нұсқаулығына сәйкес аудандар құрылды. Қазақстанда астық және ет дайындау бағытын жүзеге асыру барысында ауқатты шаруа қожалықтарының мал-мүлкі тәркіленіп, тап ретінде құдалау оқиғалары орын алды. Қазақ даласының ерекшеліктері ескерілместен шамадан тыс қысқа мерзімде мемлекетке ауыл шаруашылығы өнімдерін тапсыру міндеті жүктелді. 1927–1928 жылдар аралығында елде орын алған астық дағдарысына байланысты астық дайындау жөнінде үкімет тарапынан қысқа мерзімдік тапсырмалар берілді. Мәселен, Мәскеуден Сыртқы сауда министрі А.И. Микоянның 1928 жылғы 14 желтоқсандағы Семей округы атқару комитеті президумының төрағасы Г. Атаниязовқа жіберген жедел хатына назар аударсақ, төмендегідей нұсқау берілген:

1. Астық дайындау және өткізудің айлық жоспарларының орындалмауы астық дайындау жоспарының орындалуына нұқсан келтірілуде.

2. Астық дайындауда жүргізіліп жатқан шаралар қанағаттанғысыз, сондықтан жоспарды орындауды жеделдету қажет және жылдам қарқында жүргізілсін.

3. Астық сатып алу барысының одан әрі бәсеңдеуіне жол берілмесін. Сауда халық комиссариатының нұсқауын орындауды талап етемін.

4. Астық дайындаудың құлдырауын анықтап, жедел хатта көрсетілген барлық шаралар туралы нақты хабарлама берілуін сұраймын[1].

А.И. Микоянның жоғарыдағы нұсқауынан байқағанымыз астық дайындау мен өткізуде аудандардан тез арада шамадан тыс міндеттер қойылған, жергілікті жердің ерекшеліктеріне мән бермей, тек жоспар орындау талабы екенін көруге болады.

Семей округі атқару комитетінің егін жинау науқанына дайындық барысы және астық дайындау барысы туралы кезекті мәжілісінде 1928-1929 жылдардағы округке қарайтын Шыңғыстау, Шұбартау, Тарбағатай, Қызылтан, Ұлан, Зырян, Бесқарағай және басқа да аудандарында астық даярлау және өткізу туралы мәселе қаралып, «..колхоздар мен совхоздар астық дайындау бойынша ең қызу жұмысты ұйымдастыру қажет және берілген міндеттерді орындау қадағалансын. Астық өткізуді 1930 жылдың 1 қаңтарына дейін орындау тапсырылды»[2]. Ал Қазақ Өлкелік партия комитетінің 1929 жылдың желтоқсан айында өткен мәжілісінде Семей округінде астық тапсырудың төмен дәрежеде екенін ескерте отырып, Бесқарағай ауданында астық тапсыру жоспары 71 пайызға ғана орындалған деп көрсетілген. Берілген тапсырманы орындауға қарсы болғандар деп, 28 шаруа қожалықтарына 25570 сом айыппұл салынған, 36 адам кулак ретінде астық тапсыру міндетін орындамаған деп қамауға алынған, 19 аудан әкімшілігінің қызметткерлеріне ескерту жасалған[3]. Осындай шұғыл хаттар Мақаншы, Көкпекті, Зайсан, Катонқарағай, Жарма және басқада барлық аудандарға жөнелтіліп, егер жоспар орындалмайтын болса жазаланатыны ескертілді.

Ет дайындау барысы да қарқынды жүргізіліп, шаруаның қолындағы соңғы малына дейін тартып алынды. 1929 жылы 20 желтоқсанда БКП(б)-ның «Ет мәселесін шешу шаралары туралы» қаулысына сәйкес ет өткізу тапсырмасы Қазақстанға жүктелді. Семей округіне қарайтын аудандардың басым бөлігі елдің орталық өңірлеріне ет өнімдері мен мал шаруашылығы шикізатын ірі жеткізушілер болып табылды. Семей округінің мал шаруашылығымен айналысатын Абыралы, Зайсан, Шұбартау, Аякөз, Қызылтан, Күршім, Мақаншы және басқа аудандары мал шаруашылығы өнімдерін жинау, яғни ет өткізудің жалпы көлемі жағынан 85–95 пайызын құрайды.

Жоғарыдағы қаулыда атап өткендей ірі қалаларды етпен қамтамасыз ету мәселесін шешу партия мен Кеңес өкіметінің негізгі экономикалық міндеттерінің бірі болып табылатындығы баса айтылды. Ет дайындау науқаны барысында одақтың ірі қалаларын қамтамасыз ету үшін Семей ет комбинатынан, Аякөзден және Павлодардан ет жөнелтілді. Әрбір ет комбинаттары берілген тапсырманы орындауға тиіс болды. Кеңес үкіметінің жүргізіп отырған саясаттың қателіктері мен науқаншылдық екенін мойындамады, халықтың билікке карсылығы деп түсінді. Ет дайындауда жылқы малының басын сақтау және дамыту туралы шешімдер болса да, жылқы малы сойылып етке өткізілді. Жылқы малына жыртқыштықпен немқұрайлы қарау олардың жаппай өліміне жол беріліп, өрескел қателіктер орын алды. Осылайша Қазақстанда жылқы малының басы күрт азайды. Жылқы малының негізгі өсіретін аймақтың бірі Семей округінде мал басының қысқаруына әкелді.

Мемлекетке мал мен ет өткізудің үлкен жоспарлары мал басын сақтау бойынша ұсыныстарға қайшы келді, мәселені шешу үшін үкімет тарапынан колхоздарға, ауыл шаруашылық бірлестіктеріне тапсырмалар беріліп, жоспарды орындау міндеттелді, мемлекетке ет өткізудің жоспары мерзімінде орындамаған жағдайда кінәлілер қылмыскер ретінде жауапқа тартылды. 1929-1930 жылдары мал басының кему көрсеткіштері республиканың барлық аймақтарында орын алды, сондай-ақ Абыралы, Шыңғыстау, Мақаншы және басқа аудандарда мал басының күрт төмендеуі байқалды. Бұл жағдай үкіметтің ет жинау науқаны аймақтың экономикалық жағдайына теріс әсер еткенін көрсетеді.

Семей округі бойынша берілген астық және ет дайындау жоспарының өте жоғары болғаны соншалық, ауыл тұрғындары жоспарды орындау үшін қолда бар барлық малын етке өткізуге немесе малды астыққа айырбастауға мәжбүр болды. Жоғарыда қабылданған қаулылардың орындалу жөнінде комиссия отырысында тексеріс жасаған комиссия мүшесі Нахимжановтың баяндамасында: «Абыралы, Шыңғыстау, Тарбағатай және басқада аудандарда салынған астық өткізу мөлшерінің жоғары болуынан қазақ ауылындағы тұрғындар малын сатып астық алып отырды. Бір жылқы бағасы 7 сом, қой терісі 2 сом 50 тиын, кей кездерде қойды 75 тиынға дейің сатуға барған. Мал басының бағасы тиынға айналды» – деп ауылдағы нақты шындықты жеткізді[4]. Жоғарыдағы мәліметтерден Семей округінің барлық аудандарында мал басының азайғанын көрсетеді. Әсіресе Зайсан, Ұлан, Мақаншы, Абралы, Қарқаралы, Аякөз, Тарбағатай және Көкпекті ауылдарында айтарлықтай төмендеу байқалды.

Семей округінде бай-кулактарды тәркілеу науқанында осындай олқылықтарға жол берілгені белгілі. Мәселен, 1928 жылдың көктемінде тәркілеу кезінде ірі 20 бай тәркіленіп кеткен. Кейін күздегі тәркілеу науқанында олардың орнын толтыру үшін ауқатты деген орташалар да тәркіленуге ұшырады. Тәркілеу кезінде орташаларды кулак ретінде тәркіленіп, қарсы болғандар қамауға алынып, жер аударылды[5]. Архив құжаттарынан Семей округінен Сырдария бойына көшірілген 22 кулак (отбасында 130 адам) туралы мәліметтерді анықталды. Оның ішінде Семейде екі отағасы қамауға алынған, алты отбасының біразы Тарбағатай, Жарма, Зайсан өңірлерінде тұрғылықты жерінде қалды[6]. Жоғарыда аталып өткен науқандар мен тәркілеу туралы заңға қарсылық білдірген көтерілісшілерді және халық толқуларын ұйымдастырып, жаппай тәркілеу мен жер аудару жұмыстарына қарсы шыққандарды қатал жазалау жөнінде арнаулы шаралар қабылдау тапсырылды. Кеңестік биліктің ауылды орташаландырамыз деген желеумен, көпшілік қауымды кедейшілікке ұшыратып, колхоздарға берілген малдар талан-таражға түсті. Аталған деректерден байқағанымыз осындай халыққа қарсы шешімдер қабылданған.

БКП/б/ Орталық комитетінің ақпарат бөлімінің меңгерушісі Салодниковтың есебінде төмендегідей мәліметтер береді. «Семей округіндегі бандылар мен кулактардың қарсылығы жөнінде 23 ақпан 1930 жылы 7 ауылға тексеріс жүргізіліп, 106 іс қаралып жазаға тартылған. Кедейлер арасында үгіт жүргізген деген желеумен 27 адам қамауға алынған, 26 адамға малды жасырған, қасақана сойған деген айып тағылған және басқада қарсылықтарға барғаны үшін 60 кулақтың мал-мүлкі тәркіленген. Ет дайындамаған және тапсырмаған үшін 142 шаруа қожалықтары Мақаншы, Белағаш, Қызылтан, Марқакөл, Аягөз, Ұлан, Катонқарағай аудандарында тәркіленген[7]. Сондай-ақ Қазақ Орталық атқару комитетінің хатшысы Мухамедовтың Қызылорда қаласынан Семейге жіберген хаттың мазмұнына үңілсек төмендегідей нұсқау берілген «Барлық аудандарға

қедейлер арасында іріткі салатын кулактар мен антикеңестік топтардың жетекшілерін анықтап дер кезінде олармен күрес жүргізілсін және басқада ауылдағы антикеңестік элементтер байқалатын болса қылмыстық іс қозғалып жауапқа тартылсын»[8], деген шұғыл тапсырмалар берілді.

1930 жылы 30 қаңтарда БКП(б) ОК бюросының «Жаппай ұжымдастыру аудандарындағы кулактар шаруашылықтарын жоюға байланысты шаралар туралы» құпия қаулысы қабылданды. Қаулыны жүзеге асыру барысында үкіметке қарсылық көрсеткендер ішінде бірінші топқа жатқан кулактар саяси қылмыскерлар ретінде тұтқындалып, қуғын-сүргінге ұшырап, түрмеге қамалды, тіпті атылды. Науқанды жергілікті жерлерде жүзеге асыру БМСБ органдарына жүктелді. Республика көлемінде 1930 жылы 17 ақпанда БМСБ органдарының орталыққа берген мәліметі бойынша 463 адам қамауға алынған, оның ішінде контреволюциялық ұйым құрамына кіретін 40 адам, көтерілісшілер тобындағы 109 адам, бандылық топтың 25 адамы және басқада қарсылық көрсеткендер жойылды – деп ақпарат берген (Советская 2003: 116).

Шаруалар қарсылығы бастапқыда жеке деңгейде басталып, жүктелген міндеттерді орындаудан бас тарту, өндірілген өнім мен мал басын жасыру, және басқа да алуан түрлі сипатта болды. Қарсылық көрсеткендер қатарында орта және кедей шаруалар басым болды, себебі ауыр алым-салық және басқада ауыртпалықтар қарапайым халықтың басына түсіп, басқа да елдерге ауа көшуіне әкелді. 1930-1931 жылдары шаруалар қарсылығы бүкіл ауылдың наразылығы ретінде жасақтар құрып, ашық көтерілістерге шықты.

Жоғарыда аталған асыра сілтеулер мен науқаншылдық еліміздің бар-лық аудандарында орын алып, дәстүрлі мал шаруашылығын күйретуге бағатталған шаралар және қуғын – сүргінге ұшыраған халықтың нара-зылығы жер-жерде ашық көтеріліске ұласты. Семей округінде шаруалар көтерілістерінің бірнеше ошақтары қалыптасып, үкіметке қарсы белсенді түрде қарулы қақтығыстар ұйымдастырылды. 1931 жылы 1 наурызда БМСБ-нің Қазақ АКСР-і бойынша Семей бөлімінің берген есебінде «14 ақпанда Абыралы ауданында жаппай шаруалардың көтерілістері басталды. Бұл ет дайындау науқандары мен бай-кулактардың жүргізген контрреволюциялық үгіт-насихаттың нәтижесі – деп көрсетілген. Ауданның №1, 2 ауылдарында 250 адам көтеріліске шығып, ауылдық кеңесті басып алып, ондағы құжаттарды өртеген»[9].

Абыралы ауданында басталған көтеріліс жөнінде хабарлар тез арада басқа ауылдарға таралып, жасақтар құрылды. Ауылдардағы шаруалар наразылығы басталған күннен бастап, кеңес және партия ұйымдарының алдына халыққа жасалған әділетсіздікті тоқтату талаптарын қойған көтерілістің белсенді мүшелері Ы. Кемпірбаев, Т. Ақшолақов, Б. Тұрғамбаев және басқалар болды. Халықтың наразылығы Абыралы ауданына қарасты барлық елді мекендерге тарап, қарулы қарсылыққа ұласып отырды. 1931 жылдың ақпан айында көтерілісті тоқтату үшін Абыралы мен көршілес аудандар арасына тұрақты әскери жасақтар мен БМСБ агенттерінен тосқауылдар қойылды. БМСБ жасақтары дәл осындай әдістерді Қарқаралы, Шыңғыстау, Шұбартау және басқа да аудандарындағы көтерілістерді басу кезінде қолданған. Осылайша қарсылық көрсеткен ауылдар қоршауға алынып, көтерілісшілерді жою операцияларын кірісіп, көтерілісті тез арада басу шаралары жүргізілді.

Семей округі бойынша БМСБ бөлімшесінің төрағасы С. Бақтың тапсырмасымен 1931 наурызда Абыралы және Шыңғыстау ауданындағы көтерілісті басуға жіберілген БМСБ

өкілдеріне халықтың жаппай күресін қарудың күшімен басуға бұйрықтар берілді. Бактың атынан келген жеделхаттар мен бұйрықтардың мазмұнын Т. Алланиязов төмендегідей көрсетеді: «Чекмаровқа егер Дегелең тауларына бекінген бандылар өз еріктерімен берілмесе қарудың күшімен басыңдар деген бұйрық берген. Чупиннің басшылығымен қаруланған отряды көтерілістің көршілес аудандарға таралып кетпеуін қадағалаңдар. Чупинге БМСБ-нің уәкілетті өкілдері Байбосынов сонымен қатар Жамалитдинов ісін тексеру жүктеліп, Байбосиновты дереу тұтқынға алып, бірінші кезекте Семейге жіберу қажет. Абыралы көтерілісін басуға жіберілген А. Жамалитдинов көтерілісшілермен келіссөздер жүргізгені үшін оның құрамындағылар тұтқынға алынсын» (Алланиязов 2003: 139, 151). Жоғарыда берілген бұйрықтар мен жедел хаттардың негізгі мазмұнында көтерілісті қарудың күшімен басу міндеті анық қойылған. Көтеріліс ошақтарындағы қалыптасқан жағдайды реттеу міндеті жүктелген үкіметтік комиссия мәселені бейбіт жолмен шешудің орнына осындай күш қолдану арқылы реттеуге тырысты.

Абыралы ауданынындағы көтерілістерді басып-жаншу жендеттер тарапынан аса қатегездікпен жүргізілді. Төмендегі кестеде жендеттер қолынан қаза тапқан көтерілістің 37 белсенді мүшелері мен қатысушыларының аты-жөні берілген. Абыралы ауданында көтерілісті басу кезінде жендеттер қолынан қаза тапқандар тізімі (Народные восстания 2022: 381).

Кесте 1. Абыралы ауданында БМСБ-нің жендеттері қолынан қаза тапқандар тізімі

1	Акшолаков Телеубай	20	Рымкулов Рахимбай
2	Аманбеков Абдыкарима	21	Сартымбаев Курум
3	Акышбаев Койши	22	Танырбергенов Секербай
4	Акшолаков Тлеубек	23	Танырбергенов Инкаш
5	Битыбаев Найман	24	Тлегенов Джаксыберген
6	Джаксыбергенов Накен	25	Танырбергенов Кожа
7	Джабкенов Тамбай	26	Шалбаев Мусатай
8	Есенбаев Туркамбай	27	Шомбаев Есентай
9	Каскабасов Заруубай	28	Шомбаев Ротай
10	Калдыбаев Джолдасбек	29	Ызыкин Дастан
11	Курумов Балжур	30	Игембеков Ахметчан
12	Курумов Аукен	31	Есенкулов Сеилхан
13	Кыстаубаев Тегуспай	32	Ибраев Ырымбай
14	Кыстаубаев Рымкул	33	Байшоинов Карыбек
15	Копырбаев Бейсек	34	Кошанов Матылган
16	Косембаев Есенгул	35	Отарбаев Тлеутай
17	Отарбаев Турабай	36	Сагындыков Сулеймен
18	Оналбаев Садвокас	37	Сулейменов Тлеухан,
19	Рымкулов Калий	а остальные были разоружены и арестованы	

** Көтерілісшілердің аты-жөні архив құжатына сәйкес орыс тілінде беріліп отыр. Авт.*

Жауапқа тартылған көтерілісшілердің басым көпшілігі өз кінәләрін мойындамады, себепсіз қиянатқа ұшыраған халықтың бір ғана мақсатты әділеттілікті талап етті. Жоғарыда аталып өткен кеңес үкіметіне қарсы көтеріліске қатысқаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған 274 адамның әлеуметтік шығу тегі бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылғандар келесідей сипатталады: байлар –197; молдалар – 5; орташалар – 38; саудагерлер – 9; қызметкерлер – 9; кедейлер – 26» (Народные восстания 2022: 382). Көтерілістің ақиқатына келсек ауданның барлық ауылдарында қарапайым шаруалар мал-мүлкінен айырылып босқындыққа ұшырап, жер аударылды, қаншама адам жендеттердің қолынан қаза болып сотталды, ату жазасына берілді, бұл жағдай келесі жылдары да жалғаса берді. Бұл мәліметтерден байқауға болады, көтерілісшілердің әлеуметтік құрамы жағынан да бірдей емес еді, кейбір ауылдарда көтеріліске қатысқандар қарапайым шаруадан бастап, көтерілісті жергілікті билік органдарының жауапты қызметтегі лауазымды адамдар арасында қолдағандар да болды. БМСБ-ның жасақтарының көтерілісшілерді аяусыз басып, оған қатысқандарды жазалау тәсілдері республиканың барлық аймақтарына тән болды, қамауға алынған ауыл тұрғындарының қылмысы соншалықты ауыр болмаса да көтеріліске қатысқаны үшін ауыр жазаға тартылған.

Абыралы көтерілісі елімізде орын алған ірі көтерілістің – бірі, қолдарына қару алып, жан сақтап отырған малын тартып алған биліктің қиянатына қарсы тұрған халықтың күресі болып табылады. Көтерілісшілер көршілес ауылдар мен аудандардағы тұрғындармен байланыстар орнатып, қарсылық көрсетуге талпыныстар жасағанымен мықты қаруланған тұрақты әскерлерге төтеп бере алмады. Көтерілісшілерге қарсы жүйелі түрде ұйымдастырылған жендеттер тактикалық операциялар негізінде тез арада көтерілісті басуға ықпал етті. Абыралы көтерілісіне қатысқандарды Орталық Комитетке БМСБ өкілдерінің берген жедел хабарламаларында ірі байлар мен кулактар, «бандылар» деп танылған адамдар ұйымдастырған антискеңестік көтерілістер ретінде сипатталды.

Абыралы көтерілісі бүкіл Шыңғыстау өңіріне таралып, шаруалар толқулары бірқатар ауылдарды қамтыды. Шыңғыстау ауданында басталған шаруалар толқулары 1928 жылдан бастап көрініс ала бастаған. Шаруалар наразылығы үкіметтің жүргізіп отырған саясатына қарсылығы деп бағаланып, Семей округі Атқару комитеті президумының төрағасы Атаниязовтың 1928 жылы 23 қазанда өткен комиссия отырысында «Шыңғыстау ауданында байлар мен кулактарды тәркілеу жөніндегі комиссия отырысында аудан прокурорына тәркіленген малды өткізбегендерді анықтау және қарсылық көрсеткендерді жауапқа тарту жөнінде мәселе қаралды. Сондай-ақ, малды жасыруға байланысты істі тексеру Шыңғыстау аудандық атқару комитеті төрағасы Қоянбаевқа жүктеліп, 48 сағат ішінде анықтау тапсырылды». Шыңғыстау ауданында тәркілеудің зардабын орташалар да көрді бұған төмендегі дерек айғақ болады Әділев Ике, Аққозин Ақылбай, Бурханов Камалиден, Қарымсақов Қажыбай, Есімжанов Кәрімжан жалпы саны 14 адамның малы, баспанасы тәркіленіп, жер аударылды[6]. Шыңғыстау көтерілісінің жетекшілерінің бірі Әділев Икеге халықтың қарсылығын ұйымдастырған деп айып тағылғандықтан Қытайға кетуге мәжбүр болды.

Қазақ ауылдарында кедейлердің басым бөлігі тәркіленген малды мемлекетке өткізуге немесе салық ретінде қайтаруға тура келетінін ол кезде толық түсіне қойған жоқ. Мұны кейінірек түсінген кедейлер мен орташалар шаруалар көтерілістеріне

белсене қатысты. Мақаншы, Үржар, Шыңғыстау ауданында тексеру жүргізген Семей округі прокурорының орынбасары Палмухамедов есебінде «Шыңғыстау ауданында астық, ет өнімдерін уақытында тапсырмағаны үшін 17 жеке меншік иелері және 12 ауқатты шаруа қожалықтарына 495 сом айыппұл төлеуге жатқызылды. Ал малды сойып жасырғандар халық сотына беріліп, қарсы шыққан кулактарға қылмыстық іс қозғалды» деп мәлімдеме берген[10]. Шыңғыстау ауданындағы халық наразылығын ұйымдастырушылар үкіметке қарсы кулактар, Алашорда үкіметін жақтаушылар деп жауапқа тартылғандарды төмендегі мәліметтерден байқауға болады.

Кесте 2. Халық наразылықтарын ұйымдастырушылар ретінде қамауға алынғандар тізімі (Неизвестные 2022: 190).

№	Аты-жөні	Ауылдардың атаулары	Айыпталуы
1	Арыстанбаев Арқат	Арқат	Бұрынғы Алашорда мүшесі
2	Әуезов Рзақ	Құлмен	Бұрынғы Алашорда мүшесі
3	Искаков Арғын	Қара-Жарас	Бұрынғы Алашорда мүшесі
4	Жүнісов Тайтөлеу	Қалқаман	Ауылдағы ру басы
5	Дулатов Тлеуберді	Ақтобе	Ауылдағы ру басы
6	Әзімханов Балтық	Мүкір	Бұрынғы Алашорда мүшесі
7	Серғазин Тануұт	Сарғалдақ	Ауылдағы ру басы
8	Бурханов Досым	Самай	Бұрынғы Алашорда мүшесі

Жоғарыда келтірілген деректерде атап өткендей, тізімде аталған адамдарды халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, халықтың толқуларын ұйымдастарушы саяси қылмыскерлер, алашордашылар, ру басшысы-кулактар деп айып тағылды. Семей округінің Шыңғыстау ауданындағы шаруалар наразылығы 1931 жылдың ақпан-наурыз айларында қарулы көтеріліске жалғасты. Алайда көтеріліс кең тарап үлгермей жатып-ақ наурыз айында күшпен басылып, көтеріліске қатысқандар қатаң жазаланды Көтерілісшілерді ресми түрде «бандылар», «басбұзарлар» деген атаумен көрсетіп, БМСБ-ның өкілдері атқарған жұмысының бағытын көрсететін хабарламаларда қарсылық көрсеткендерді жазалау операцияның барысы туралы жедел барлау есебін беріп отырды. Көтеріліс жөнінде есепті құрастыруда объективті шындықты елеусіз қалдырып, көтерілістің шынайы себептері мен халықтың талаптарына мән берілмеді. Абыралы және Шыңғыстау көтерілісіне қатысқан ауыл тұрғындарының наразылығын қарапайым халықтың зорлық-зомбылыққа қарсы күрескен ашық қарсылығы деп есептейміз.

Күштеп ұжымдастыруға, кулактарды тәркілеу және отырықшылыққа көшу кезінде шаруалардың қарулы көтерілістері кең өріс алып, қазақ ауылдары ғана емес, еліміздің шығыс өңіріндегі орыс шаруалары қоныстанған селоларды да қамтыды, көтерілістің ірі ошағы – Зырян, Өскемен, Қатонқарағай, Шемонаиха, Самара аудандары болды. 1920-1930-шы жылдардағы Семей округіндегі шаруалар қөтерілісінің ерекшелігінің бірі орыс шаруаларының да қамтылуы болды. Көтерілісшілер қатарында орыс шаруалары мене бірге, жергілікті қазақтар да қатысып, қолдау көрсетті. Өскемен және Зырян ауданындағы

көтерілісті басқарған Толстухов әскери іс-қимылдарда тәжірибесі бар, азамат соғысы жылдары партизан отрядын басқарған. Көтерілісті басқарған Толстоухов, Зенковский, Клиновицкий және басқада ұйымдастарушыларды «ақ гвардияшылар» деп саналды.

БМСБ-нің өкілдері берген ресми деректерінде «көтеріліс басшылары бұрынғы Колчактың бандысы болған» деп көрсеткен. Көтерілісшілер жаппай ұжымдастыру және жер мәселесіне қатысты халықттың мүддесін қорғайтын талаптар қойып, кеңес өкіметінің қайта құруларына наразылықтарын білдірді. Көтерілісшілер құжаттарында большевиктер жүргізіп отырған саяси билікке қарсы халық бостандығы үшін күреске шақырды. Толстоуховтың алғашқы көтеріліске шақырыған үгіт-насихат жұмыстарына «1929 жылы 19 қазандағы БК(б)П-ның Орталық комитетінің ақпараттық бөлімінің меңгерушісі Солодниковтің берген мәліметінде: «Зырян ауданы Крестовка селосындағы және басқада көршілес селолардағы мекемелер бұрынғы эсер партиясының мүшесі Толстоуховтың ықпалына өткен, ол астық жинауға қарсы үгіт жүргізіп, ауыл-селолардағы шаруалардың астық жинауға қарсылықтарын ұйымдастырды», – деп, қөрсеткен[11].

Төмендегі архив қорынан алынған құжаттарға назар аударсақ, қарапайым халыққа шамадан тыс салықтар салынғанын көруге болады. Семей округі атқару комитетінің төрағасына округтің прокуроры міндетін атқарушы Тоқтаров Шемонаиха, Зырян және басқа аудандарда тексеру жүргізіп, төмендегідей есеп берген «әр бір селода астық өткізбеген үшін 3-4 іс қозғалды. 107 статья бойынша Шемонаиха ауданында контреволюциялық насихат жүргізіп, қарсылық білдірген Сальников, Магомедов 3 жылға, Шапаров 2 жылға қамауға алынып, әрқайсы 400 сом айып салынған. Зырян ауданында 4 іс қаралып, барлығы қамауға алынған»[12].

Семей округі партия комитетінің ақпарат бөлімінің жетекшісі Кузнецов Самара ауданы бойынша берілген міндеттердің жоғары болғандығын төмендегідей баяндайды: «.... Самара ауданында астық қоры таусылғаннан тұрғындар тұқымға дейін өткізіп жіберген, астық салығын төлеу үшін шаруалар малын өткізіп, астық сатып алуда» деп көрсеткен[12]. Осындай ауыр салықтар және жазалау әдістері аудан халқының жаппай наразылығы мен қарсылығына әкелді. Шаруа наразылықтары 1929 жылдың соңына қарай күшейе түсті. 1930 жылдың ақпан айында Семей округіне қарасты Зырян, Өскемен, Самара, Шемонаиха, Катон-Қарағай аудандарында шаруалардың толқулары басталды. Көтеріліс орталығы Мякотиха мен Чистополка селоларында басталды[13]. Зырян көтерілісін басуға қатысқан И. Семеняктың естеліктерінде көтерілісшілер мен жергілікті жерлердегі жағдайға келесідей сипаттама берген: «...тұтқынға түскен көтерілісшілердің бірі Куленевтің хабарын алысымен бірден аудандық комитет хатшысына баяндадым. Сол жерде коммунистік жасақтар құрылып, оның командирі Федоров басқарды. Ол Чистополка ауылында көтеріліс басталғанын айтып, билікке ашынған халықтың қарсылығын басу оңайға түспегенін жеткізді. Бірақ көтеріліске қатысқан және қолдау берген барлық коммунистер мен белсенділер тұтқында отыр» деп көрсеткен[14].

Шаруалар қарсылығы ақпан айының басында Өскемен ауданының Кондратьевка, Васильевка және Зырян аудандарына қарасты ауылдарға таралды. Зырян және Өскемен аудандарымен шекаралас орналасқан ауыл-село тұрғындарыда салық саясатындағы әділетсіз, заңсыз әрекеттеріне қарсылықтарын білдіріп, Толстоуховтың отрядына қосыла бастады. 1930 жылы 14 наурызда Өскемен аудандық БК(б)П-ның хатшысы М. Худаевтің Семей округтік партия комитетінің жауапты хатшысы В. Фоминге жолдаған

ақпарат хатында аудандағы жағдайды келесідей сипаттаған: «1 ақпанда коммунистік жасақ құру туралы арнайы құпия материалды алысымен Осоавиахим батальоны жанында 80 адамнан тұратын коммунистік жасақ құрылды»[11].

1930 жылы 11 мамырда Зырян аудандық атқару комитеті Президиумының мәжілісінде Халық сотының атқарған жұмысы туралы Семей округы сотының мүшесі Работневтің баяндамасында «...Аудандарда кулактардың жүргізіп отырған үгіт-насихаттары мен қарсылықтарына күрес жүргізілуде, алай да мал басын үлкен шығынға әкелу фактілері және кулак диверсиясының басқа түрлерімен күрес жүргізу әлі де жеткіліксіз. Сондықтан кулактар тарапынан орын алып отырған қарсылық көріністеріне және толқуларына бірден тойтарыс беру қажет. Зырян және басқа аудандарда олардың барлық әрекеттері заңды өрескел бұзғандық болып табылады» – деп көрсетті[10]. Осылайша өңірдегі қарапайым халықтың тағдырына әсер еткен заңнама актілері мен құқықты таптау мәселелері барлық мәжілістерде назарға алынды.

Көтерілістің кең етек алып, көршілес аудандарға таралып кету қауіпін алдын алу мақсатында Өскемен және Зырян аудандарындағы көтеріліс ошақтын қоршауға алынды. Арнаулы жіберілген БМСБ-нің жазалау отрядтарының жетекшісі Фроловтың хабарламасына назар аударсақ төмендегідей мәліметтер берген: «Өскемен уезіндегі Троицк колхозындағы кулактар бас көтеріп, селодағы әкімшілік мекемелерді басып алған, көтерілісшілер винтовкамен қаруланған. Көтерілісті басуға қосымша жасақ жіберіліп, көтерілістің қарқыны бәсеңдеді»[15]. Орталықтан қосымша қаруланған жасақтар жіберіліп, Чистополька, Мягкотиха, Зубовка, Васильевка селоларына бекінген көтерілісшілер қоршауға алынды. Көтерілістің негізгі ошақтары қоршауға алынып, аудандар арасында байланыстар орнатуға мүмкіндік бермеді, селолар мен ауылдарда көтерілісшілер жеке-жеке қарсылық көрсетуге мәжбүр болды.

А.С. Жанбосинова «Крестьяне и коллективизация: формы противостояния (на примере Восточного Казахстана)» атты мақаласында «1930 жылдың наурыз айынан бастап, Шығыс Қазақстан өңірінің – Зырян, Марқакөл, Катонқарағай және басқа аудандарында көтеріліске қатысып, қолға түскен шаруалар 58-2 статья бойынша контрреволюциялық пиғылдағы «қаруланған бандылар» – деп айыпталып, жазаға тартылғандығы жөнінде мәліметтер келтіреді. Жазаға тартылғандар 3 жылдан бастап бас бостандығынан айырылып, ату жазасына дейін кесілді» – деп көрсетеді (Жанбосинова 2010: 52).

Архив құжаттарынан алған деректерге жүгінетін болсақ, 1930 жылы 1 наурыздағы мәліметтер бойынша «көтеріліс кезінде ұсталғандар саны 564, өлтірілгендердің саны 160 адам, жараланғандар 70 адам». Ал 7 наурызда Семей округі бойынша БМСБ бөлімшесінің бастығы С. Бактың Семей округтік партия комитетінің жауапты хатшысы В. Фоминмен тікелей сөйлескен хабарламасында: «тұтқынға түскендер 700-ге дейін деп көрсетеді, көтерілістің белсенді басшылары Кленовицкий, Иванов, Коцкий, Зенковский, Палкин ұсталып» қамауға алынғандығы айтылған[15].

Өскемен және Зырян аудандарында басталған көтеріліс Самара ауданында жалғасын тапты. Толстоухов Өскемен және Зырян аудандарындағы жеңілістен кейін Самара ауданындағы тұрғындарды көтеру үшін жасақты екіге бөліп, бір бөлігін Күршімге қарай жіберген. БМСБ нің барлау қызыметінің басшысы Дуюнов 1930 жылы 3-ші наурызда берген хабарламасында «Толстоухов қолға түскен жоқ, Күршім ауданында көтерілісшілермен бірге жасырынып жүр. Толстоуховқа қарсы Батов бастаған отряд

жіберілді, бандылар 60 адам винтовкамен және 3 гранатамен қаруланған, Словянка селосы арқылы Ертіс өзенінің оң жағалауына қарай шегінді» деген мәліметтер береді. Келесі деректе Дуюнов Толстоуховтың ізіне түсу үшін Семей округі бойынша БМСБ бөлімшесінің бастығы С. Баққа 43 адамнан тұратын қаруланған отрядтың Самараға жіберілгенін және Самара қаласын қоршап, Толстоухов көтерілісін қалай басқандығы жөніндегі ресми хабарлама берген[15].

С. Бак Семей округтік партия комитетінің жауапты хатшысы В. Фоминге Толстоуховты ұстау операциялары бойынша қолданылған шаралар туралы күнделікті мәлімет беріп отырған. 1930 жылы 9 наурызда берген хабарламасында: «Толстоухов шекарадан өте алмады, Бахты шекара жолы арқылы жасырынып, қолға түсіруге мүмкіндік бермеді. Зайсан, Самара, Күршім аудандарында барлау қызметінің көмегімен барлық шаралар қабылданды» делінген. Көтерілісшілерді іздестіру үшін барлық жерлерге қосымша Катонқарағайға 10 адам, Құмтөбеге 7 адамнан тұратын отрядтар жіберілді. «Мұрзатөбеде Толстоуховтың жанжаққа шашырап кеткен бірнеше адамдары қолға түсіп қамауға алынды. Бандылардың 5 мүшесі ұсталды, енді қалған 12-сі Толстоуховпен бірге» - деп, шекара жасағы Толстоуховтың соңына түсті» – деп көтерілісшілер туралы міне осындай есеп береді[16].

Көтерілістің көршілес ауыл-селолар мен елді мекендерге таралуына жол бермеу үшін Семейден арнаулы отрядтар жіберіп отырды. Өңірдегі халықтың наразылығының өршуіне байланысты билік тарапынан аудандарды қатаң тексеру жұмыстары жүргізіліп, көтерілістердің басқа аймақтарға таралып кетпеу шараларын ұйымдастырды. Семей округі сотының мүшелері Афанасьев және Мухамеджанов Катонқарағай, Шемонаиха, Самара аудандарында арнаулы тексеру жұмыстарын жүргізіп, 1930 жылы 13-18 сәуір айында Катонқарағай ауданы бойынша жасалған актіде төмендегідей мәліметтер береді. «Аудандағы 6892 шаруа қожалықтарының ішінде 720 кулактар мен орташа шаруаларға мемлекетке астық және ет өткізбегені үшін 882 сом айыппұл салынып, 13 кулак қамауға алынған, 430 кулак аудандағы шаруалардың наразылығын ұйымдастыруда үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді деген желеумен жазаланған. Аталған аудандарда шаруалардың колхоздардан жаппай шығуына байланысты 2 ауылдық кеңестің төрағасы және 6 ауылдық партия ұйымының хатшысы жұмыстан босатылып, ісі сотқа жіберілген, 9 ауылдық кеңестің төрағасына қатаң сөгіс жарияланған»[10].

Жоғарыда жүргізілген жазалау шаралардан халықтың ел арасындағы наразылықтарын басу барысында Зырян, Өскемен, Самара, Катонқарағай және басқада аудандарда тексеру жүргізіліп, ауыл-село басшыларын қатаң қысымға ала бастағандығын байқауға болады. Сол кездегі халықтың үкімет саясатына қарсы белең алған наразылығын ауылдық кеңестің төрағалары мен ауылдық партия ұйымының хатшыларынан және басқа да беделді азаматтарын кінәлап, жауапқа тартылды. Толстоухов Самара ауданындағы шаруаларды қарулы көтеріліске ұйымдастыра алмады. Өскемен мен Зырян және Катонқарағай, Шемонаиха және барлық ауыл-селолардағы шаруалар қарсылығы қарулы күшпен басып жаншылды. Толстоухов отрядына көтерілісшілерді жинақтап қайта көтеріліс жасауға мүмкіндік бермеді. Көтеріліс басшысы Толстоухов тұтқындалып, Кеңестік қызыл әскері мен БМСБ жасақтарының жедел қимыл әрекеттерінің күшімен басылып, қарсылық көрсеткендер қамауға алынды[16].

Кеңестік билікті құлатып, орнына жаңа «халық билігін» орнату мақсатын қойған Толстоухов бастаған Өскемен және Зырян көтерілісі жеңіліске ұшырағанымен

көтерілісшілер қарсылығы еліміздің шығыс өңіріндегі халықтың ірі көтерілісі болып саналады. Елде жүргізіліп жатқан қайта құруларға қарсы тұрып, әділетті қоғам орнатуға тырысқан еліміздің шығысындағы Өскемен мен Зырян, Катонқарағай, Самара, Шемонаиха аудандарындағы шаруалар көтерілісі Ресеймен шектескен шекаралық аудандарында қолдау тауып, тек Семей округінің территориясында ғана емес, республиканың басқа аймақтарында орын алды.

Сондай-ақ, большевиктер саясатына қарсы шаруалар көтерілісінің белсенді тағы бір аймағы Шұбартау ауданы болғандығын атап айтуға болады. Қазақ ауылдарындағы асыра сілтеулер мен сталиндік куғын-сүргін Шұбартау, Көкпекті, Тарбағатай аудандарын да қамтыды. Мәселен, Семей округі атқару комитеті Президиумының 1929 жылы 7 маусымда өткен мәжілісінде Мақаншы, Шұбартау, Шыңғыстау, Аягөз, Тарбағатай аудандарында ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау барысы жөнінде мәселе қаралып, Семей округы бойынша ет өнімдерін даярлау және өткізу бойынша тапсырманы үш аптада даярлау, ал өткізбегендер туралы мәліметтер беру жөнінде шұғыл тапсырма берілді[2]. Жоғарыдан түскен шұғыл тапсырмаларды орындау үшін жергілікті қызметкерлер жалған айыптауларға барып, орта шаруаларды «кулак» деп тануға мәжбүр болған.

Шұбартау тұрғындарының жоғарыда аталып өткендей зорлық-зомбылыққа шыдамаған қарсылығы көршілес басқа аудандардағы көтерілістермен тұспа-тұс келіп, ауылдарда халықтың наразылық толқулары басталды. Аудандағы шаруалар толқуларының өрістеуіне Абыралы және Шыңғыстау аудандарында шаруалар көтерілісінің басталғаны туралы хабар, сондай-ақ Қазақстанның көптеген өңірлерінде кеңес үкіметінің құлағаны туралы хабарлардың таратылуы ықпал етті.

1931 жылы наурызда басталған баскөтерулер ауданның бірнеше ауылдарын қамтып, көтерілісшілер саны 300-ге дейін жетті. Шұбартау көтерілісі бастапқыда стихиялы түрде басталып, ауылдық әкімшілік мекемелерді талқандау, өртеу, тонау сияқты күш қолдану арқылы өз наразылықтарын білдірді. Көтерілісшілер аудан орталығын басып алып, ауыл тұрғындарының тізімі жазылған құжаттарды өртеді.Алайда көтерілісшілер қаруланған тұрақты әскерге төтеп бере алмады, қарсылық көрсеткендер жазаланып, қамауға алынды. Т. Омарбеков «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» атты еңбегінде жазаға ұшырағандар жөнінде төмендегідей мәліметтер береді. Көтеріліске қатысушылар қамауға алынып, БМСБ-нің ерекше үштігі 1931 жылы 14 мамырындағы және 1932 ж. 19 маусымындағы шешімімен 66 адамды 3 жылдан 10 жылға бас бостандығынан айырып, еңбек түзету лагеріне жіберді 17 адамды 3 жылдан 5 жылға дейін Қазақстанның өз ішінде жер аударды (Омарбеков 1997: 206–207) Көтерілісшілердің бір бөлігі жазадан бас сауғалап, ата-мекенін тастап Бахты арқылы Қытай еліне кетуге мәжбүр болды.

Шұбартау көтерілісі ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың сталиндік үлгісінің салдарынан орын алған халықтың қарсылығы болып табылады. Көтерілісі басып тасталғанмен халықтың толқулары өңірдегі басқа аудандарда жалғасын тапты. Халықтың баскөтерулері Тарбағатай, Көкпекті елді мекендерінде орын алды. Тарбағатай ауданының тұрғындары халыққа қарсы жүргізілген науқанындарға, орын алған асыра сілтеулер мен күштеп ұжымдастыруды тоқтатуды талап еткен толқулары 1929 жылдан басталған еді. Халықтың наразылығына қатысты Қазақ Орталық Атқару Комитеті тарапынан 1929 жылы барлық аудандарға жөнелтілген нұсқауларынан байқауға болады, «...төрт түлік малдың барлығы тіркеуден өтетін болсын. 11, 13-бабының талаптарын

орындауда мал басын жасырып қалу фактілерін болдырмау қатаң ескерілсін және мал жасырып қалуға жол берілмесін, қарсылық көрсеткендерге дереу іс қозғалсын»[1] деген айырықша тапсырмалар берілді.

Аталған нұсқауға сәйкес аудандағы барлық ауылдардағы мал басы тіркеліп, қарсылық көрсеткендер халық сотына берілді. Үкімет саясатына қарсы шыққандарды қуғын-сүргінге ұшырату барысында Тарбағатай ауданының көптеген тұрғындары бас сауғалап Қытайға кетуге мәжбүр болды. Тарбағатай өңірінде орын алған шаруалар қозғалысына қатысты БМСБ өкілдерінің берген есебінде 1930 жылдың ақпан-наурыз айларында Тарбағатай ауданынан 56 ауқатты шаруа қожалығы, Мақаншы ауданынан 269, Зайсан ауданынан 503 шаруашылық Қытайға көшкен, оның ішінде көпшілігі орташалар мен кедейлер болды. Ал 1932 жылы Қытайға ауа қөшкендердің саны ұлғайып, Тарбағатай ауданынан көшкендер 446 адамға жетіп, 1865 бас малдарын да айдап әкеткен деген мәліметтер берілген (Неизвестные 2022: 175).

Ауыл халқын күн көріс малынан айыру ауыл тұрғындарының наразылығын тудырып, халықтың бас көтерулеріне әкелді. Алайда шаруалар көтерілістері барлық аудандарда жеңіліске ұшырады. Көтерілістің жеңілуінің негізгі себебі шаруалар алдында нақты мақсаттар мен ұйымдастыру орталығының болмауы, қарудың тапшылығы және көтерілістің әр ауылда шашраңқы болуы әсерін тигізді. 1930-1931 жылдары аштыққа ұшыраған халық қолдарына қару алып өз мүддесін қорғай алмай, Қазақстаннан тысқары Қытайға, Ресейге тағы басқа елдерге қоныс аударды. Көтерілісшілер «қарақшы», «қылмыскер» атанды, «антикеңестік пиғылдағы адамдар» ретінде Қазақ өлкелік комитетінің жеке бақылауында болып, көтерілісті басу үшін барлық әскери құрылымдар жұмылдырылды. Көтерілістерді қолдап және оған қатысқаны үшін ауыл тұрғындары айыпталып, сот органдары мен соттан тыс шешім қабылдау құзыреті берілген БМСБ-сы өкілдері көтеріліске қатысқандарды заңсыз жер аударып, тергеу ісін жүргізбей-ақ ату жазасына кесу сияқты шараларды жүзеге асырды. Аграрлық саладағы қайта құруларға қарсы көтерілген шаруалар қозғалысы еліміздің барлық аймақтарын қамтып, географиялық ауқымының кеңдігімен тарихқа енді.

Талқылау

XX ғасырдың басындағы аграрлық саладағы қайта құрулар мен кеңестік кезеңдегі халықтың қарсылық қозғалыстарына ғылыми тұрғыда объек-тивті баға беру еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейін қайта жанданды.

Бүгінгі таңда Қазақстандағы ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру кезеңіндегі шаруалар көтерілістерінің аумақтары, шығу себептері мен салдарларын айқындауда жаңаша баға беріле бастады. Бұрын қолжетімді болмаған архив қорларындағы құжаттар мен деректердің ғылыми айналымға енуі зерттеушілерге тақырыпты тарихи көзқарас тұрғысынан қайта қарауға мүмкіндік ашты. Мәселен, Талас Омарбековтің «1929-1931 жылдардағы халық көтерілістері», «Зобалаң», «XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы Қазақстан қасіреті» атты зерттеулерінде (Омарбеков 2018; Омарбеков 1994; Омарбеков 1997) кеңестік кезеңнің қайшылықты тұстарына баға беріп, тарихымызда ұзақ жылдар «құпия» болып келген мәселелер қарастырылған. Зерттеуші аталған еңбектерінде Семей округінің Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау, Өскемен мен Зырян және басқа аудандарында орын алған халықтың бас көтерулерінің ақиқатын тарихи деректер негізінде талдау

жасай отырып, еліміздің бірқатар округтары мен аудандарда орын алған шаруалар көтерілістерінің барысына тоқталады.

Соңғы жылдардағы жарық көрген зерттеулерде архив қорларында сақталған құжаттар мен деректер негізінде Қазақстан тарихына көлемді сипаттама берген зерттеулерді атап айтуға болады. М.К. Қозыбаев, Ж.Б. Әбылхожин және К.С. Алдажұманов сияқты көрнекті зерттеушілердің «Қазақстандағы ұжымдастыру: шаруа трагедиясы» атты еңбектерінде кеңес үкіметінің Қазақстанда жүргізген аграрлық реформаларының мазмұны мен сипаты сараланып, ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастырудың салдары мен қасіреті жан-жақты талданады (Қозыбаев және т.б. 1992). Сонымен қатар Қ. Алдажумановтың «Крестьянское движение сопротивления» еңбегінде аграрлық реформаларды іске асыру аясында қарастырылып, оның ішінде қазақ шаруаларының тағдырына қатысты оқиғалар тың деректер негізінде баяндалады (Алдажуманов 1998).

Қазақстандағы 1929–1931 жылдардағы шаруалардың қарулы көтерілістері мен көтерілісшілер қозғалысының тарихын зерттеуге басты мән беріліп келеді. Т. Алланиязовтың шаруалар көтерілістерінің тарихы туралы арнайы зерттеулер: «Крестьянские выступления 1929–1932 гг. в Казахстане: опыт и проблемы изучения», «К зачистке бандэлемента приступить немедленно». Документы Семипалатинского ОГПУ 1931 г.», «Доклад о боевых действиях оперативной группы в Казахстане в марте, апреле и мае 1930 года, как исторический источник» (Алланиязов 2002; Алланиязов 2003; Алланиязов 2022) және автордың А.Таукеновпен бірлескен еңбектерінде Қазақстандағы 1929–1932 жылдардағы шаруалар көтерілістерінің тарихы бойынша архив қорларынан алынған тың деректерге негізінде тұжырымдар жасалып, көтерілісшілер қозғалысының себептері, кезеңдері мен мазмұнына жан-жақты тоқталған (Алланиязов, Таукенов 2009; Алланиязов, Таукенов 2000).

Шығыс Қазақстандағы шаруалар көтерілістеріне қатысты А.С. Жанбоси-нованың еңбектерін атап айтуға болады. «Крестьяне и коллективизация: формы противостояния (на примере Восточного Казахстана)», «Толстоу-ховский мятеж в источниках и материалах» атты еңбектерінде Толстоухов басшылық жасаған көтерілістің басты себептері мен мазмұнына тоқтала отырып, қуғын-сүргінге ұшыраған көтерілісшілердің тағдыры жан-жақты талданады (Жанбосинова 2010; Жанбосинова 2018). Автордың К. Жириндиновамен бірлесіп жазған «Шыңғыстау көтерілісі: жаңа деректер негізінде зерттеу» атты еңбегінде 1920-1930 жылдары күштеп ұжымдастыру саясатының салдарынан орын алған Семей округіндегі халықтың қарсылық қозғалысын архив қорларынан алынған жаңа деректер негізінде саралай отырып, аграрлық саладағы өзгерістер нәтижелеріне өз тұжырымдарын берген (Жанбосинова, Жириндинова 2018).

Қазақстандағы XX ғасырдың басындағы қарулы көтерілістер мен көтерілісшілер қозғалыстарының тарихына қатысты біршама мақалалар жарыққа шықты. XX ғасырдың 20-30 жылдары кеңестік биліктің аграрлық саладағы қайта құрудың салдарынан орын алған халық көтерілістері туралы тарихшы С.О. Смағұлова мен А. Беркімбайдың «XX ғасырдың 20-30 жж. Кеңес үкіметіне қарсы халық наразылықтары (Шығыс Қазақстан бойынша)» еңбегінде Шығыс Қазақстан өңірінде 1920–1930 жылдардағы шаруалар көтерілістерінің барысы мен сипаты жан-жақты талданған (Смағұлова, Беркімбай 2017), Ж.С. Жылгельдінің «Шығыс Қазақстан өңірі шаруа қожалықтарын жаппай күштеп ұжымдастыруға қарсы көтерілістердің себептері» атты мақаласында шаруалар көтерілістерінің саяси-әлеуметтік және экономикалық себептеріне тоқталады

(Жылгелді 2020). А.И. Құдайбергенованың «Қазақстандағы 1929-1932 жж. шаруалар көтерілістері және қазақтардың ауа көшуі (халық жадында)» мақаласында XX ғасырдың басындағы шаруалар көтерілістері және қазақтардың туған жерінен шет жерлерге қоныс аудару үрдісінің салдарлары қарастырылған (Құдайбергенова 2022). Зерттеліп отырған тақырыпқа қатысты Ресей тарихшысы А.П. Козловтың «Крестьянские вооруженные выступления и повстанческие движения в Казахстане 1929-1931 гг.» атты мақаласында 1920 жылдардың соңы – 1930 жылдардың басындағы кеңестік аграрлық саясатындағы бетбұрыс салдарынан туындаған шаруалардың қарулы көтерілістердің себептерін жайлымдық және егістік жерлерді қайта бөлу, отырықшылыққа көшу салдары - деп қарастырады. Еңбекте қазақ ауылдарының әлеуметтік-экономикалық жағдайына және қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының ерекшеліктері мен ауқатты шаруаларды меншігінен айырудың салдарларына мән берілмеген (Козлов 2024).

Семей округінің Абыралы ауданында орын алаған халық көтерілістерінің мазмұнын көрсететін Б. Нәсеновтың «Абыралы көтерілісі» атты еңбегінде көтеріліс барысындағы оқиғаларға басты назар аударылған. Аталған еңбекте аудандағы БМСБ өкілдерінің көтерілісті басуға қатысты іс-шаралары жөнінде мәліметтерін назарға ала отырып, бірқатар ауылдарда қолға түсіп, жазаға ұшыраған көтерілісшілердің тергеу істеріне қатысты құжаттар мен материалдар берілген. Алайда автор шаруалар көтерілістерінің себептеріне нақты тоқталмаған, дегенмен еңбекте берілген құжаттардың мәні мен маңызын атап көрсетуге болады (Нәсенов 2005).

Жоғарыда аталған еңбектерде атап өткендей, кейінгі жылдары қазақтың дәстүрлі өмір салтын түбегейлі өзгерткен кеңестік аграрлық қайта құруларға қарсы шаруалардың наразылықтары мен көтерілістерінің себептері мен салдарына баға беріліп, шынайы тарихи көзқарас тұрғысынан зерттеуге мән беріліп отыр. Дегенмен, өңірлік деңгейде, яғни еліміздің шығыс аймағындағы ауыл тұрғындарының бас көтерулерінің себептері мен сипатына қатысты зерттеулер әлі де жеткіліксіз. Осы бағыттағы зерттеулердің артуы, жергілікті жағдайлар мен халықтың қоғамдық-саяси жағдайын нақтырақ бағалауға ықпал етері сөзсіз. 1920–1930 жылдары Қазақстанда жүзеге асырылған саяси-экономикалық реформаларды жүргізудің зорлық-зомбылық әдістері қазақ ауылдарын әлеуметтік және мәдени тұрғыда орны толмас өзгерістерге алып келді. Архив қорларынан алыңған құжаттарындағы мәліметтерге сүйенетін болсақ, Семей округінің Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау сияқты қазақ ауылдарында және Өскемен, Зырян, Шемонаиха аудандарында шаруалардың ірі қарулы көтерілістері орын алды. Архивтерден алынған тың деректер ауыл тұрғындарына қарсы қабылдаған әділетсіз шаралар, мемлекеттік астық және ет өткізу жоспары аясында орын алған асыра сілтеулер мен жергілікті органдардың заңсыз әрекеттерінен туындаған көтерілістің себептері мен салдарын айқындауда мүмкіндік берді. Сондай-ақ ұжымдастырудың қазақ ауылдары мен орыс тілді тұрғындар шоғырланған аудандарға тигізген зардаптарына салыстырмалы зерттеу жүргізілді. Кеңес үкіметінің аграрлық саясаты, ұжымдастыру мен тәркілеу, дәстүрлі мал шаруашылығын жою шаралары және қазақ халқының дәстүрлі өмір салты мен шаруашылық құрылымын түбегейлі өзгерту Абыралы, Шыңғыстау және басқа аудандарындағы күн көріс малынан айырса, Өскемен және Зырян аудандарында 1-ші санатқа жатқызылған кулактарды ұстау операциялары халықтың наразылығына әкелді деген тұжырым жасауға болады.

Сондықтан еліміздің аймақтарында жүргізілген кеңестік аграрлық саясат тарихын қайта саралап, саяси шараларға бүгінгі кезең тұрғысынан баға бере отырып, тарихымызды қайта ой елегінен өткізу арқылы жан-жақты зерттеу маңызды әрі қажетті зерттеу жұмысы деп есептейміз.

Қорытынды

Қорыта келе, XX ғасырдың басындағы большевиктер партиясы мен кеңестік биліктің қазақ ауылдарын қоғамдық – саяси, әлеуметтік және мәдени жағдайын өзгертуге бағытталған реформалары өз нәтижесін берген жоқ.

Біріншіден, қазақ ауылдарында жүргізілген модернизациялау, жергі-лікті жерлердің табиғи–климаттық ерекшеліктерін ескерілместен зор-лық-зомбылық әдістермен жүргізілді. Ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру кезеңіндегі қазақтың күн көрісі болып отырған мал басының азаюы, қазақ қоғамындағы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуіне әкелді.

Екіншіден, 1920-1930 жылдары жүргізілген аграрлық реформалардың зардаптары қазақ ауылдарымен қатар, еліміздің шығыс өңірінде шоғыр-ланған орыс тілді село халқының қалыпты өмір сүру деңгейіне нұқсан келтіріп, халықтың жаппай қарсылығын тудырды. Атап айтқанда, жаппай ұжымдастыру, отырықшыландыру және кәмпеске науқанының салдары ауыл-село тұрғындарын әлеуметтік және экономикалық дағдарысқа ұшыратты.

Жоғарыда тарихи деректерді талдай келе, анықтаған үшінші тұжырым – сталиндік тоталитарлық жүйенің зардабын тартқан қазақ кедей-шаруалары болды. Жоғарыдан түскен нұсқауларды орындау барысында жергілікті билік тарапынан орын алған асыра сілтеулер мен заңсыз әрекеттер ауыл тұрғындарының наразылығын тудырып, ашық көтерілістерге және бас сауғалап шет жерге қоныс аударуға мәжбүр етті.

Төртіншіден, архив қорларынан алынған құжаттарда атап көрсетілгендей, еліміздің шығыс өңірінде, сондай-ақ басқа өңірлеріндегі қазақ көтерілісшілері Ресей бандылары тәрізді бүлікшіл әрекеттерге бармағаны, сол кездегі жаппай бас көтерудің мақсаты аштан өлмеу, бала-шағасын асырау, туғантуысқандарын қорғау жолында қолдарына қару алды және олардың бұл әрекеттері сол кезеңдегі өмірлік қажеттілік болды деген тұжырымға тоқталдық.

Қорыта айтқанда, қазақ даласында жүргізілген саяси шаралар ауыл-село тұрғындарының өмір сүру құқығынан айырып, жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыратты. Сондықтан халықтың ең соңғы қадамы шаруа көтерілістері болғандығын жоғарыда аталған Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау, Зырян мен Өскемен және басқада аудандарда орын алған ауыл тұрғындарының қарсылығы дәлелдейді.

Acknowledgements

We thank the journal editors and anonymous peer reviewers for their exceptionally helpful comments and suggestions for revision.

Алғыс білдіру

Мақаланы жетілдіру барысында берген құнды пікірлері мен ұсыныстары үшін журнал редакторларына және аты-жөні көрсетілмеген рецензенттерге шынайы алғысымызды білдіреміз.

Благодарности

Мы благодарим редакторов журнала и анонимных рецензентов за их чрезвычайно полезные комментарии и предложения по пересмотру.

Ескертулер

1. Постановление КазЦИК СНК КазАССР от 30.08. 1928. Учета скота крупных баев, подлежащих выселению в порядке декрета КазЦИК и Совнаркома от 27 августа 1928 г. Абай облысы мемлекеттік архиві (АОМА). 74 қ. 1 т. 25 іс. 10 п.
2. Протоколы заседаний Семипалатинского окрисполкома о ходе подготовки уборочной кампании и заготовке сырья. АОМА. 74 қ. 1 т. 39 іс. 16 п.
3. Протоколы заседаний комиссии по определению за досрочное выполнение плана хлебозаготовок по районам Семипалатинского округа. АОМА. 74 қ. 1 т. 51 іс. 30 п.
4. Протоколы заседания комиссии ВЦИК по Семипалатинскому, Каркаралинскому, Павлодарскому округам. Выводы и предложения комиссии ВЦИК о результатах обследования. АОМА. 74 қ. 3 т. 3 іс. 39-40 пп.
5. Оперативные сводки ПП ОГПУ. Телеграмма Джангильдина, Альшанского Ф. Голощекину, Даниловскому. Қазақстан Республикасы Президентінің архиві (ҚР ПА) 141 қ. 17 т. 454 іс. 98 п.
6. Постановление ЦК СНК КазАССР об установлении районов, изьятых под действия постановления КЦИК и КСНК от 27.08.1928 г. о конфискации скота и имущества и выселения байских хозяйств 30.08 1928 г. АОМА. 74 қ. 3 т. 5 іс. 38, 64 пп.
7. Из справки Семипалатинского окружкома ВКП/б/ «о привлеченных и осужденных кулаках за несдачу семфонда, вредительство и агитацию материалы районов 23 февраля 1930 г. АОМА. 3 қ. 1 т. 389 іс. 28 п.
8. Директивы ЦИК и СНК КазССР по вопросу выселения баев и полуфеодалов. АОМА. 74 қ. 3 т. 2 іс. 119 п.
9. Информация ПП ОГПУ по КАССР секретарю Казкрайкома ВКП(б) Голощекину о выступлениях в Абралинском р-не. ҚР ПА. 141 қ. 1 т. 5052 іс. 288–289 пп.
10. Докладная записка с приложением выводов и предложений выездной сессии Семипалатинского округа и прокурора, акт обследования районов, переписки с райсполкомами о применении административно-судебных репрессий за время сельскохозяйственных посевных кампаний. АОМА. 74 қ. 3 т. 444 іс. 22,106 пп.
11. Информационное письмо секретаря Усть-Каменогорского райкома партии о положении в районе в связи с Толстоуховским восстанием, сведения о группах бедноты по Семипалатинскому округу. АОМА. 3 қ. 1 т. 274 іс. 1–2 пп.
12. Директивы Семипалатинского окружкома по хлебозаготовкам. Секретно Семипалатинскому ВКП/б/ и Семокрисполкома. Отчет председателя Семокрсуда. АОМА. 74 қ. 3 т. 30 іс. 43, 45,65 пп.
13. Шаруа көтерілістері қорынан. Шығыс Қазақстан облысының Облыстық тарихи-өлкетану музейі (ШҚОТӨМ). КПнв 7п-4271 қоры. 22 п..
14. Воспоминание Семеняк Григория Васильевича о Толстоуховском контрреволюционном восстании в 1930 году. Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік архиві (ШҚОМА). 2866 Қ. 1 Т. 133 Іс. 7 п.
15. Директивы, указания ЦК ВКП/б/ по вопросам работы военных организаций, политдонесения окрвоенкома, доклад о работе Семипалатинского теруправления. АОМА. 3 қ. 1 т. 9 іс. 159 п.

16. Переписка окружкома ВКП/б/ с парторганами, организациями и с учреждениями по вопросам ликвидации кулаков, баев и бандшаек. АОМА. 3 қ. 1 т. 457 іс. 52, 91 пп.

Әдебиеттер тізімі

Алдажуманов К. Крестьянское движение сопротивления. В: *Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы*. Алматы: Арыс. 1998. С. 66–92.

Алланиязов Т. *Крестьянские выступления 1929–1932 гг. в Казахстане: опыт и проблемы изучения.* Алматы: Фонд XXI век. 2002. 88 с.

Алланиязов Т., Таукенов А. *Шетская трагедия. Из истории антисоветских вооруженных выступлений в Центральном Казахстане в 1930-1931 гг.* Алматы: Фонд «XXI век». 2000. 164 с.

Алланиязов Т. «К зачистке бандэлемента приступить немедленно». Документы Семипалатинского ОГПУ 1931 г. *Исторический архив.* 2003. No.3, с.137–154.

Алланиязов Т., Таукенов А. *Последний рубеж защитников номадизма. История вооруженных выступлений и повстанческих движений в Казахстане (1929-1931 годы).* Алматы: OST – XXI век. 2009. 424 с.

Алланиязов Т. «Доклад о боевых действиях оперативной группы в Казахстане в марте, апреле и мае 1930 года», как исторический источник. *Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение.* 2022. Т.141, no.4, с.7–21. https://doi.org/10.32523/2616-7255-2022-141-4-7-21

Жанбосинова А. Толстоуховский мятеж в источниках и материалах. *Отан тарихы.* 2018. No.3(83), с.192–203.

Жанбосинова А., Жириндинова К. Шыңғыстау көтерілісі: жаңа деректер негізінде зерттеу. *Электронный научный журнал «edu.e-history.kz».* 2018. No.5(1), с.39–46.

Жанбосинова А.С. Крестьяне и коллективизация: формы противостояния (на примере Восточного Казахстана). *Вестник Казахского национального педагогического университета. Серия «Исторические и социально-политические науки»*. 2010. No.3(26), с.52–56.

Жылгельді Ж.С. Шығыс Қазақстан өңірі шаруа қожалықтарын жаппай күштеп ұжымдастыруға қарсы көтерілістердің себептері. *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. «Тарих ғылымдары. Философия. Діntану сериясы»*. 2020. Т.130, no.1, с.25–34. DOI: https://doi.org/10.32523/2616-7255-2020-130-1-25-34

Козлов А.П. Крестьянские вооруженные выступления и повстанческие движения в Казахстане 1929–1931 гг. *Клио*. 2024. No.8/212, с.69–76. https://DOI: 10.24412/2070-9773-2024-8-69-76

Қозыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. *Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. Алматы.* 1992. 35 с.

Құдайбергенова А.И. Қазақстандағы 1929–1932 жж. шаруалар көтерілістері және қазақтардың ауа көшуі (халық жадында). *Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих, философия сериясы.* 2022. No.3/107, с.134-142. https://doi.org/10.31489/2022hph3/134-144

Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50-е годы XX века). Т. 4. *Народные восстания и протесты в Казахстане в 1920-1930-х гг.* Астана. 2022. 536 с.

Неизвестные страницы истории Семипалатинского Прииртышья (20–30-е годы XX в.): *Сборник документов и материалов.* Астана. 2022. 384 с.

Нәсенов Б. *Абыралы көтерілісі*. Тоғызыншы бөлім. Құжаттар жинағы. Алматы – Новосибирск. 2005. 836 б.

Омарбеков Т. *1929–1931 жылдардағы халық көтерілістері.* Алматы: Арыс. 2018. 480 б.
Омарбеков Т. *Зобалаң* (күштеп ұжымдастыруға қарсылық): Оқу құралы. Алматы: Санат. 1994. 272 б.
Омарбеков Т. *20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті:* Көмекші оқу құралы. Алматы: Санат. 1997. 320 б.
Смағұлова С.О., Беркімбай А. XX ғасырдағы 20-30 жж. Кеңес үкіметіне қарсы халық наразылықтары (Шығыс Қазақстан облысы бойынша). *Отан тарихы.* 2017. No.1, с.38–50. h
Советская деревня глазами ВЧК – ОГПУ – НКВД. 1918–1939. Документы и материалы в 4 томах. Том 3. 1930-1934 гг. Кн. 1. 1930–1931 гг. / Отв. ред. А. Берелович, В. Данилов. Отв. сост. Л. Борисова, В. Данилов, Н. Перемышленникова, Н. Тархова. М.: РОССПЭН, 2003. 864 с.

References

Aldazhumanov K.S. Krestianskoe dvizhenie soprotivleniia. In: *Deported Peoples in Kazakhstan: Time and: Fates.* Almaty: Arys Publ., 1998. pp. 66–92. (in Russian)
Allaniyazov T.K. *Krestianskie vystupleniia 1929-1932 gg. v Kazakhstane: opyt i problemy izucheniia*. Almaty: XXI Century Foundation Publ., 2002. 88 p. (in Russian)
Allaniyazov T.K., Taukenov A.S. *Shetskaia tragediia. Iz istorii antisovetskikh vooruzhennykh vystuplenii v Tsentralnom Kazakhstane v 1930-1931 gg.* Almaty: XXI Century Foundation Publ., 2000. 164 p. (in Russian)
Allaniyazov T.K. «K zachistke bandelementa pristupit nemedlenno». Dokumenty Semipalatinskogo OGPU 1931 g. *Historical Archive.* 2003. No.3, pp.137–154. (in Russian)
Allaniyazov T.K., Taukenov A.S. *Poslednii rubezh zashchitnikov nomadizma. Istoriia vooruzhennykh vystuplenii i povstancheskikh dvizhenii v Kazakhstane (1929–1931 gody). Almaty: OST – XXI Century* Publ., 2009. 424 p. (in Russian)
Allaniyazov T.K. «Doklad o boevykh deistviiakh operativnoi gruppy v Kazakhstane v marte, aprele i mae 1930 goda», kak istoricheskii istochnik. *Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Series: Historical Sciences. Philosophy. Religious Studies.* 2022. Vol.141, no.4, pp.7–21. https://doi.org/10.32523/2616-7255-2022-141-4-7-21 (in Russian)
Zhanbossinova A. Tolstoukhovskii miatezh v istochnikakh i materialakh. *Domestic history.* 2018. No.3(83), pp.192–203. (in Russian)
Zhanbossinova A.S., Zhirindinova K. Şyñğystau köterılısı: jaña derekter negızında zertteu. *Electronic Scientific Journal «edu.e-history.kz»*. 2018. No.5(1), pp.39–46. (in Kazakh)
Zhanbossinova A.S. Krestiane i kollektivizatsiia: formy protivostoianiia (na primere Vostochnogo Kazakhstana). *Bulletin of the Kazakh National Pedagogical University. Series: Historical and Socio-Political Sciences.* 2010. No.3(26), pp.52–56. (in Russian)
Zhylgeldi Zh. Şyğys Qazaqstan öñırı şarua qojalyqtaryn jappai küştep ūjymdastyruğa qarsy köterılısterdin sebepterı *Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Series: Historical Sciences, Philosophy, Religious Studies..* 2020. Vol.130, no.1, pp.25–34. DOI: https://doi.org/10.32523/2616-7255-2020-130-1-25-34 (in Kazakh)
Kozlov A.P. Krestianskie vooruzhennye vystupleniia i povstancheskie dvizheniia v Kazakhstane 1929–1931 gg. *Clio.* 2024. No.8/212, pp.69-76. https://doi.org/10.24412/2070-9773-2024-8-69-76 (in Russian)
Qozybaev M.K., Abylkhozhin Zh.B., Aldazhumanov K.S. *Kollektivizatsiia v Kazakhstane: tragediia krestianstva.* Almaty. 1992. 35 p.(in Russian)
Kudaibergenova A. I. Qazaqstandağy 1929–1932 jj. şarualar köterılısterı jäne qazaqtardyñ aua köşuı (halyq jadynda). *Bulletin of Karaganda University. Series: History, Philosophy.* 2022. No.3/107, pp.134-142. https://doi.org/10.31489/2022hph3/134-144 (in Kazakh)

Neizvestnye stranitsy istorii Semipalatinskogo Priirtyshia (20-30-e gody KhKh v.):*Collection of Documents and Materials.* Astana. 2022. 384 p. (in Russian)
Nasenov B. *Abyraly köterılısı.* Ninth Section. Collection of Documents*. Almaty-Novosibirsk.* 2005. 836 p. (in Kazakh)
Omarbekov T. *1929-1931 jyldardağy halyk köterılısterı.* Almaty: Arys Publ., 2018. 480 p. (in Kazakh)
Omarbekov T. *Zobalañ (küştep ūjymdastyruğa qarsylyq):* Almaty: Sanat Publ., 1994. 272 p. (in Kazakh)
Omarbekov T. *20-30 jyldardağy Qazaqstan qasıretı: A Supplementary.* Almaty. 1997. 320 p. (in Kazakh)
Materialy Gosudarstvennoi komissii po polnoi reabilitatsii zhertv politicheskikh repressii (20–50-e gody KhKh veka). Vol. 4. *People's Uprisings and Protests in Kazakhstan in the 1920s-1930s.* Astana. 2022. 536 p. (in Russian)
Smagulova S. O., Berkimbay A. XX ğasyrdağy 20-30 jj. Keñes ükımetıne qarsy halyq narazylyqtary. (Şyğys Qazaqstan oblysy boiynşa). *Domestic History.* 2017. No.1, pp.38–50. (in Kazakh)
Sovetskaia derevnia glazami VChK – OGPU – NKVD. 1918–1939. Documents and materials in 4 volumes. Volume 3. 1930–1934. Book 1. 1930–1931. Ed. A. Berelovich, V. Danilov. Compiled by L. Borisova, V. Danilov, N. Peremyshlennikova, N. Tarkhova. Moscow: ROSSPEN, 2003. 864 p. (in Russian)

Information about authors

Kymbat K. Baisarina – Doctor of Historical Sciences, History Department, Shakarim Universityy, Glinka street 20A, 071412, Semey, Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0002-5911-6716, bkksemey@mail.ru,
Maksat S. Karibayev – PhD, History Department, Shakarim University, Glinka street 20A, 071412, Semey, Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0002-4685-8198, maksat.karibaev@bk.ru
Madi E. Turlybayev – Master of History, 1st year doctoral student of the Department of History, Shakarim University, Glinka street 20A, 071412, Semey, Kazakhstan, https://orcid.org/0009-0000-3918-6082, toleuoffmadi@gmail.com,

Авторлар туралы мәлімет

Қымбат Қабидолдина Байсарина – тарих ғылымдарының докторы, Шәкәрім университеті, тарих кафедрасы, Глинка көшесі, 20А, 071412, Семей, Қазақстан, https://orcid.org/0000-0002-5911-6716, bkksemey@mail.ru,
Максат Серикович Карибаев – PhD, тарих кафедрасы, Шәкәрім университеті, Глинка көшесі, 20А, 071412, Семей, Қазақстан, https://orcid.org/0000-0002-4685-8198, maksat.karibaev@bk.ru,
Мади Ермекович Турлыбаев – тарих магистрі, Семей қаласының Шәкәрім университеті, тарих кафедрасының 1-курс докторанты, Глинка көшесі, 20А, 071412, Семей, Қазақстан, https://orcid.org/0009-0000-3918-6082, toleuoffmadi@gmail.com

Сведения об авторах

Кымбат Кабидолдина Байсарина – доктор исторических наук, Университет имени Шакарима, кафедра истории, Глинки, 20А, 071412, Семей, Казахстан, https://orcid.org/0000-0002-5911-6716, bkksemey@mail.ru
Максат Серикович Карибаев – PhD, Университет имени Шакарима, кафедра истории, Глинки, 20А, 071412, Семей, Казахстан, https://orcid.org/0000-0002-4685-8198, maksat.karibaev@bk.ru

Мади Ермекович Турлыбаев – магистр истории, докторант 1 курса кафедры истории, Университет имени Шакарима, Глинки, 20А, 071412, Семей, Казахстан, https://orcid.org/0009-0000-3918-6082, toleuoffmadi@gmail.com

Author Contributions

Baysarina, K.K. – Developed the main concept of the article, defined the research objectives and tasks, proposed the methodology, analyzed archival documents, drafted the manuscript, and formulated the key analytical conclusions.

Karibayev, M.S. – Conducted historical analysis of the data to shape the research findings, prepared annotations and structured the text, ensured the scholarly depth of the content, and introduced necessary revisions and additions in line with the article's objectives.

Turlybayev, M.E. – Collected and systematized documents from archival repositories, and conducted research based on recent document collections and scholarly publications relevant to the topic.

Авторлардың қосқан үлесі

Байсарина К.К. – Мақаланың негізгі тұжырымдамасын әзірлеп, мақсаттары мен міндеттерін анықтады, әдістемесін ұсынды, архивтік құжаттарды талдап, мақаланың мәтінін жазды және негізгі аналитикалық қорытындылар жасады.

Карибаев М.С. – Зерттеу нәтижелерін қалыптастыру үшін деректерге тарихи талдау жүргізді, аннотация мен мәтін құрылымын дайындап, мазмұнның ғылыми сипатын қамтамасыз етті. Мақаланың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізді.

Турлыбаев М.Е. – Архив корларынан алынган кужаттарды жинактап, жуйеледи. Тақырыпқа қатысты соңғы жылдары жарық көрген құжаттар жинақтарын және ғылыми басылымдардағы материалдар негізінде зерттеу жүргізді

Вклад авторов

Байсарина К.К. – разработала основную концепцию статьи, определила цели и задачи исследования, предложила методологию, провела анализ архивных документов, подготовила текст статьи и сформулировала ключевые аналитические выводы.

Карибаев М.С. – осуществил исторический анализ данных для формирования результатов исследования, подготовил аннотации и структуру текста, обеспечил научную содержательность материала, внёс необходимые изменения и дополнения в соответствии с целями и задачами статьи.

Турлыбаев М.Е. – собрал и систематизировал документы из архивных фондов, провёл исследование на основе современных сборников документов и материалов, опубликованных в научных изданиях по теме

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / ***Раскрытие информации о конфликте интересов.*** Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. / ***Disclosure of conflict of interest information.*** The author claims no conflict of interest

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 09.01.2024

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 05.02.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 31.03.2025